



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№27 (779) Сәрсенбі 6 шілде 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



Әскердегі әлімжеттікті тыюға ерекше назар аударылып отыр

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысына Қорғаныс министрі биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған жұмысының қорытындысы жөнінде есеп берді.

Руслан Жаксылықов Қасым-Жомарт Тоқаевқа армия бөлімшелерінің жауынгерлік әзірлігі жөнінде баяндады. Қазіргі уақытта негізгі күш-жігер басқару органдары мен жеке құрамды дағдарыс жағдайы кезінде тиімді әрекет етуге, орталық және жергілікті билік органдарымен арадағы іс-қимылдарды үйлестіруге оқыту мәселесіне бағытталған.

Президентке жауынгерлік дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі, соның ішінде бірқатар

ауқымды оқу-жаттығу жиынына қатысты екінші жартыжылдыққа жоспарланған шаралар туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар еліміздің сарбаздары халықаралық әскери ойындарға қатысады.

Қорғаныс министрі Арнаулы операцияларға қатысатын күштерді дамыту, оқ-дәрілердің қауіпсіз сақталуын қамтамасыз ету, отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің әлеуетін пайдалана отырып, армияны заманауи қару-жарақпен және әскери

техника түрлерімен жабдықтау, әскери инфрақұрылымды жетілдіру жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуы барысы туралы есеп берді. Сондай-ақ кездесуде сарбаздардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және әскери қызметшілер арасында әлімжеттік әрекеттері болдырмау мәселесіне ерекше назар аударылды.

Кездесу соңында Президент Қарулы Күштерді кешенді әрі жүйелі түрде жетілдіруді қамтамасыз ету және олардың жауынгерлік дайындығын жоғары деңгейде ұстап тұру қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің қорғаныс қабілетін одан ары арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

9 шілде – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні

Құрбан айт – мұсылмандардың жыл сайын атап өтетін қасиетті діни мерекесі. Биыл Құрбан айттың бірінші күні – 9 шілдеге сәйкес келеді, деді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы.

«Һижри жыл санауы бойынша 1443 жылдың зұлхижжа айының басталуы 30 маусым болып бекітілді. Ал арапа күні 8 шілдеге сәйкес келеді. 9 шілде – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні.

Зұлхижжа айының алғашқы он күнінде барынша ықыласпен гизабат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысу

керек. Өйткені, хадистерде сол уақытта орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған.

Ал арапа күні ораза тұту – сүннет. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Арапа күні ораза ұстау арқылы Алладан өткен және келесі

жылдың күнәсін кешіруді үміт етеміз», – деген.

Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Рабыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған.

Алла Тағала елімізге аман-дық, жұртымызға тыныштық бергей. Ізгі ниетпен шалатын құрбандығымыз, қажылық сапарында жүрген жерлестеріміздің қажылығы қабыл болмай. Әмин!» деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

ДОМБЫРА – КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Ұлттық домбыра күні Сыр бойында кең көлемде аталып өтті. Маусым айының аяғынан бастау алған атаулы күнге арналған домбыра шерулері ауыл, аудандарда басталып кеше қалада өткізілді. Өңірдің барлық аудандарынан жиналған өнер саңлақтарының қатысуымен негізгі көпшілік шара Сырдың бас алаңында жалғасын тапты.

Қазақы дәстүрмен безендірілген сахнада облыстың белгілі өнер ұжымдары, жыршы-терменшілер, домбыра шеберлері ән-күй төкті. Оркестрдің орындауымен өнер ағасы Құрманғазымен «Сұрыарқа» күйімен асылған

салтанатты шараға қатысқан облыстық Мәслихат хатшысы Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы өз сөзінде рухани жаңғырудың нағыз үлгісі – домбыраны ұлықтау екенін, алғаш эпикалық дәстүр шеберінде жыр, толғау, термендерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма күй жанрының қалыптасуына ықпал еткенін, ал жыр мен толғау, терме Сыр сұлейлерінен бастау алғанын айтты.

Мәдениет және спорт басқармасы ұйымдастырған концерт барысында облыстың өнер ұжымдары Түркестің «Көңілашар», Әлшекейдің

«Терісқақпай», М.Сыдықовтың «Батыр баба», «Күй-тартыс», Ә.Райымбергеновтің «Секіртпе» күйлерін күмірлетсе, аншілеріміз ұлттық музыкалық аспабымыз – домбыраны әуелеген әндеріне арқау етіп, домбыраның қос ішегіңдей тартылған мың бұралған бишілер көрермендерге тамаша демалыс сыйлады.

Ұлттық саз өнерінің Темірқазығына айналған Құрманғазы Сағырбайұлының күйімен бастау алған шара күйшінің «Махамбет» атты туындысымен қорытындыланды.

Зибаш ӘЛІИ

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫНЫҢ» ЖЕҢІМПАЗЫ МАҚСАТ ИСАҒАБЫЛОВ



Елордада өткен республикалық «Қазақстан барысы» турнирінде қызылордалық Мақсат Исағабалов чемпион атанды.

Ол финалда маңғыстаулық Нұрдаулет Жарылғаповпен кездесті. Нәтижесінде Мақсат қарсыласын жеңіп, биылғы турнирдің жеңімпазы атанды. Мақсат Исағабалов 1994 жылдың 17 қарашасында Қызылорда облысында дүниеге келген. Бойы 184 сантиметр болса, салмағы 120 келі. Бұған дейін қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанған. Оған 25 миллион теңге ақшалай сыйлық, алтын белбеу және алтыннан құйылған «тайтүяқ» берілді.

Ал екінші орын иегері Нұрдаулет Жарылғаповқа 5,5 миллион теңге мен күміс белбеуге қол жеткізді. Турнир барысында қола жүлдеге жамбылдық Ғалымжан Қырықбаев қол созып, 1,8 миллион теңге мен қола белбеуге ие болды.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫНА ТАРТУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев балалар жылына тарту ретінде Сыр өңірінде кәсіпкерлердің демеушілігімен аймақта 80-ге жуық спорт-ойын алаңы салынып айтқан еді. Оның Қызылорда қаласында 50-і, аудандарда 30-ы бой көтереді.

Бүгінде игілікті іс Қызылорда қаласынан бастау алды. Жергілікті кәсіпкерлер жаңадан салынатын ойын алаңдарының жер учаскелерін белгіледі. Мәселен, «Корпорация Алем-құрылыс» мекемесі «Бәйтерек» мөлтек ауданы, Бала-мекен елді мекеніндегі ойын алаңының жерін тегістеп, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде. Бұл жұмыстар аудандар да жүргізілімек.

Еске салайық, өткен жылы 25 ойын алаңы пайдалануға берілді. Нысандар қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларына орналастырылды.

Мұнан бөлек, биыл қалалық бюджеттен қала аумағына 3 ойын алаңын салу жоспарлануда. Бұл нысандарды салуда халықтың сұранысы ескеріледі.

Айта кетейік, тұрғындардың спорт нысандарына қолжетімділігін арттыру мақсатында биыл облыста 7 дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді.

САПА – БАСТЫ КӨРСЕТКІШ

Облыс әкімінің орынбасары М.Жайымбетовтің төрағалығымен ағымдағы жылдың I жартыжылдығындағы жол инфрақұрылымын дамыту саласындағы атқарылған жұмыстар қорытындыланды.

Мәжілісте жол саласына жауапты жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары, аудан және қала әкімдерінің орынбасарлары, мердігерлер компаниялар мен авторлық және техникалық қадағалаушы мекемелердің басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық жолшығарушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы П.Шамұратов баяндама жасап, саладағы өзекті мәселелерге тоқталды. Оның ішінде, биыл іске асырылып жатқан 118 жобаның барысы, атап айтқанда, 12 көпір құрылысы, 292 шақырым жол мен 72 елді мекендегі көшелерге жөндеу жұмыстары баяндалды.

Мәжіліс қорытындысымен облыс әкімінің орынбасары М.Жайымбетов басқарма басшысына, салаға жетекшілік ететін аудан және қала әкімдерінің орынбасарларына, сондай-ақ, мердігер мекеме басшыларына 2022 жылы жоспарланған барлық жобалар жыл аяғына дейін келісім-шартта көрсетілген мерзімде, әрі сапалы аяқталуын тапсырды.

«Ел тілегі» ақпарат

ЖАҢА ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА КІМГЕ ТИІМДІ?

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Қанат Шалапаевтың айтуынша Қазақстанда жылдық мөлшерлемесі 11-12% болатын жаңа ипотекалық бағдарламаны іске қосу жоспарланып отыр.

Зейнетақы жинағының баспанаға жұмсауға болатын шекті мөлшерінің өсуіне және келесі жылы «7-20-25» бағдарламасының аяқталуына байланысты 500 млрд. теңге ипотекаға немесе 35 мың пәтерге деген сұраныс төмендейді болжанып отыр. «Жеке құрылыс салушылардың коммерциялық тұрғын үйді сату жылдамдығы айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Сұраныстың өтелмеуіне жол бермеу мақсатында халық үшін

екінші деңгейлі банктердің нарықтық ипотекасы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тетігін іске қосу ұсынылады», – деді Шалапаев үкімет отырысында.

Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығы жүргізген келіссөздер нәтижесінде мынадай базалық шарттар ұсынылып отыр: бастапқы жарна 20 пайыздан басталады; кредит беру мерзімі 20 жылға дейін;

– қарыздың ең жоғарғы сомасы 35 миллион теңгеге дейін;

– төлем қабілеттілігін міндетті түрде растау қажет.

Шалапаевтың айтуынша, Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің деңгейінен 5%-тен аспайтын ипотека бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 7% субсидияланады.

Екінші деңгейлі банктер өз қаражаты есебінен құрылыс салушылардың бастапқы тұрғын үйіне және Қазақстан тұрғын үй компаниясының кепілдігімен қамтамасыз етілген салынып жатқан тұрғын үйге қарыз бере алады.

«Осы бағдарламаны іске

қосу үшін заңнамалық өзгерістер қажет емес. Қазіргі уақытта бюджеттік өтім қаржы министрлігінің қарауында. Бюджет мақұлданғаннан кейін, Қазақстандық тұрғын үй компаниясы осы бағдарламаны дереу іске қосуға дайын», – деді Шалапаев.

Үкімет отырысында көрсетілген слайд бойынша субсидиялау талаптары:

субсидиялау ставкасы – 7%, ипотека бойынша ставка – Ұлттық банктің базалық ставкасы + 5%-ке дейін субсидиялау мерзімі – 10 жыл; қарыз алушы үшін соңғы ставка – жылдық 11-12%.

КОРОНАВИРУС ҚАЙТА ӨРШИ БАСТАДЫ: КАРАНТИН ЕНГІЗІЛУІ МҮМКІН БЕ?

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Қазақстанда коронавирус жұқтырғандардың көбейіп бара жатқанына алаңдаушылық білдірді.

«Бұл аурудың дамуына, өршуіне және вирустың мутациясына байланысты болады. Қазір біз әрбір келген вирустың түрін анықтап отырмыз. Соған байланысты шаралар қолданылады», – деді Ғиният.

Министрдің айтуынша, осы айда вирус жұқтырғандардың көбейгені байқалып отыр. Ғиният бытыр да, оның алдындағы жылдары да коронавирус өскенін атап өтті. Яғни, бұл инфекциялық

аурудың маусымдық өсімі.

Ол денсаулық сақтау министрлігі барлық сценарийге дайын екенін мәлімдеді.

«Біз барлық сценарийге дайынбыз. Бұрынғы тәулігіне 16 мыңнан астам ауру тіркелген болатын, біз оны да еңсердік. Қазір тәулігіне 187 жағдай тіркеліп отыр. Барлық денсаулық сақтау ұйымдары коронавируспен күресуге дайын», – деді Ғиният.

Алматы мен Нұр-Сұлтандағы

вирус жұқтырған адамдардың эпидемиологиялық анамнезін қарағанда, тек 5 пайызы ғана шетелден келген немесе шетелден оралған адамдармен қарым-қатынаста болған.

«Яғни бүгінгі таңда ауру ел ішінде таралып отырғаны белгілі болды. Сол себепті әзірге біз шетелден келгендерді ПТР-тестпен кіргізу бойынша шара қабылдауды қарастырып жатқан жоқпыз», – деді ол.

Ғиният елде бүгінгі таңда ұжымдық иммунитет бар екенін мәлімдеді. 11 миллионнан астам адам вакцина салдырса, бес миллионға жуығы ревакцинация

жасақтан.

«Сондықтан қазір біз қатаң шектеу шараларын енгізбейміз. Тек жұрт көп жиналатын орындарда, әсіресе сауда орталықтары, әуежай, ұшақ, теміржол вокзалдарында маска киюге кеңес береміз», – деді министр.

Айтуынша, соңғы екі айда тәулігіне орташа есеппен 10 адам егіледі. Жазғы демалысқа байланысты қазақстандықтар жақи вакцина салдыратын болған. Вакцина қоры екі млн. дозаны құрайды.

«Ел тілегі» ақпарат



Орта және шағын бизнесті қолдау

КӘСІБІ БЕРЕКЕГЕ АЙНАЛҒАН ОТБАСЫ

Қазақ жерінде «кәсіп» деген ұғым ерте заманда-ақ пайда болған деседі. Сөзімізге дәлел сол заманда кәсіпкерлікпен айналысатын адамдар қатарына көпестер, саудагерлер, қолөнер шеберлері кірген. Ал бүгінде бұл ұғымның ауқымы кеңейді. Белгілі бір кәсіптің затын тауып, оны ұршықтай пірген қалтасы жандар қатары күн санап артып келеді. Мемлекетте осы салаға баса назар аударып, көмек қолын созуда. Қазақ қазір ал-ауқатын көтеріп, тұрмыс жағдайын түзеудің қамымен жүр. Араларында кәсіптері дөңгеленіп, жемісін жеп отырғандар қаншама! Кәсіп ашып, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп, елге пайдасын тигізіп отырғандарға шын тәнті де боласын. Сондай жандардың бірі Баймұрат ауылының тұрғыны Әмірхановтар отбасымен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түскен еді.

Зибаш ӘЛИ

«Сәлеметсіз бе, Жазира Қуанышқызы алғашқы сауалымызды отбасылық кәсіптен бастасқа? Кәсіпті қалай бастадыңыздар?»

–Біз негізі еңбектен дәулеттің кілтін таппан отбасымыз. Аллаға шүкір, шағын ғана мемлекетімізбен осы кәсіптердің жандануына бар күшімізді салып, дөңгелетудеміз. Бұл наубайхананың ашылуында да бір өзіндік сыр бар. Тарқатып айтар болсам, кәсіптің алғашқы баспалдағы менің қайың апам Айнур Әмірханқызы мен жолдасым Сұлтанбек екеуі бастап кіріпшіні қалаған. Алғашында шағын

ғана үй жағдайында 2014 жылы ашылған «Қаржау ата» дүкенін Айнур Әмірханқызы қаржы құйып, халыққа қолжетімді бағада азық-түлік өнімдері мен қамтамасыз етті. Содан сауданы інісі Сұлтанбек екеуі бір жолға түсіріп, ауылдың халығын үйретеді. Бұл дүкеннің 2016 жылға дейін тасы өрге домалап, тіршілігі қазандай қайнайды. Азық-түлікпен күн-кейге, ыдыс аяқпен қатар әр түрлі тауарлар дүкеннің сөрелерінен табылып, халықтың сұранысына қарай жұмыс жасалады. Бірде Айнур әпкем осы дүкенді үлкейтіп, ірі сауда орталығына айналдыруды көздеп кеңейтеді. Бүгін отбасылық кәсібіміз дөңгеленіп тұр.

–Өңгіме барысында өзіңіз бұл дүкеннің «Қаржау ата» деп аталуында да өзіндік мән бар деп қалдыңыз?

–Иә, расымен де. «Қаржау ата» деп аталуының себебі үлкен атамыз Қаржау деген кісі болған. Ол кісі өз заманында сауданың көрінісін қыздырса керек. Осы атамыздың аруағы желеп-жебеп жүре берсін деп құрметіне алғашқы кәсібіміздің атын «Қаржау ата» деп атадық. Мәні осында. Үлкен атамыздың ісін ұрпақтары жалғастырды. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген осы шырғар.

–Естүіміне сіздер дүкенмен бірге наубайхана жұмысында ұршықтай піріп отырғандар қанша?

–Бұл наубайхананы 2016 жылы өзіме жақын Айнур әпкеммен бірлесіп аштық. Бұл ойдың, жоспардың несі әпкем болатын. Ол кісі өте сабырлы, кез-келген істі дөңгелетіп алып кететін еді. Сол кәсіптің арқасында сауданың көзін тапты. Наубайхананы қажетті қабдыктармен әпкем өз қаражаты есебінен қамтамасыз етіп, жұмысты бастап кеттік. Әр істің өзін тән ауыртыпшылығы болады ғой, сонда да біз осы кәсіптің өзін түсініп отырмыз. Алланың еңбек еткен адамға берер ырызылығы көп екен ғой, алғашқы саудамыз жаман болмай, халыққа нан тарата бастадық. Осылайша арада бір жылдай уақыт зулап өтіп кетті. Мені өз бауырындай көретін ақылшы, қамқоршы әпкем Айнур Әмірханқызы 2018 жылы кенеттен дүниеден озды. Бұл қаза біздің әулетке ауыр соққы болды. Жұмысына зауқымыз соқпай, наубайхананы жаптық. Арада ұзақ уақыт өтпей атамызды дүние салды.

Алланың ісіне не шара бар? Кей кездері отбасымызбен осы кәсіптің барлығын тоқтатқымыз келді. Бірақ, енемнің өтініші бойынша Айнур әпкемнің ісін әрі қарай дөңгелетуді жолдасым екеуіміз ойладық. Анамыздың ықыласымен тоқтаған кәсіпті қайта жандандырып ашуға бел будық. Содан 2021 жылдың тамыз айынан бастап қолға алдым. Дүкен мен наубайхананы біріктіріп жұмыс жасудамыз.

–Нан өнімдерімен қатар тәттілерді де сатылымға шығарасыз ба?

–Халықты ыстық нанмен қамтамасыз етіп отырмын. Өуелгі баста күнне 30 бөлке нан пісіріп саттық. Халық үйреніскеннен кейін бүгінде 200 бөлке нан пісіріп, нарыққа шығарамын. Ыстық наным сұранысқа еніп, қазіргі таңда тіршілігімізге береке айналды. Арасында мереке қарсаңына байланысты торттарға тапсырыстар аламын. Тәттілерге күндізгі тапсырыс жоқ, бірақ бөлке нан сұраныста.

–Сіздердің отбасыларыңыз жағдайы төмен жанұяларға көмектесіп, дөңгелетіп қалады деп естіген еміз?

–Ауылдағы қолбалай аналарға жәрдемдесіп тұрамыз. Демеушілік жасау біздің адамгершілік болмысымызға тән қасиет. «Бір қолың бергенді екінші қолың билемесің» дейді ғой, сондықтан қайыршылыққа аясыңдағы істерді тіліме тиек еткім келмейді. Бұл да менің Айнур әпкемнен алған үлгім.

–Алдағы уақыттардағы жоспарларыңыз қандай? Тағы да

шағын ғана ауылға қажетті кәсіпті неге ашпасқа?

–Оны да жолдасыммен бірге ойлап, жоспарын құрып қойдық. Бұйырғана ауыл халқына арнап мошша ашқымыз келеді. Тұрғындар әр апта сайын қалаға қатынап моншаға барады. Осыны ескере келе әлде де жоспарымызды толықтырып іс бастау үшін бірінші тәуекелдік қажет, сосын қаржы. Қаржы мәселесін мемлекеттен несие алып, бизнес жоспар аясында жүзеге асырғымыз келеді.

–Өңгіме барысында өзіңіз айтып жатырсыз ғой, әр істің өзін тән ауыртыпшылығы болады деп, мысал ретінде қай ауыртыпшылықты айтар есіңіз?

–Кәсіптің де астарында білген адамға үлкен бейнеттің жүгі жатыр. Оны арқалап, жеңілдету тек іскерлердің қолынан келеді десем қателеспеген болармын. Өрне менің әпкем сондай жанның бірі еді. Ол кісі барында бізге туындаған қиындықтың бәрі оңтайлы шешімін табады. Қазіргі таңда тек біз дүкендерге нағды жеткізіп беруге қиналамыз. Алдағы уақытта нан өнімдерімен ауылды ғана қамтамасыз басқа іргелес жатқан көрші ауылдарға да нарыққа шығарғымыз келеді. Осы жағынан бізде қиындықтар бар. Бұйырғана бұл да шешімін табады деген ойдамын. Айта берсек қиыншылықтың іс бітпейді, бірақ оның бәрине болашақ тәзіммен, алғындай сабыр керек.

–Басты қолдаушыларыңыз бар ма? –Әрине, әуелі Алла, сосын

отбасым, енем мен жолдасым. «Жақсылың жақсылығын айт нұры тасысын» дейді ғой, мен азыннан кешке дейін осы жұмыстың жетегінде жүргенімде үйім мен балаларыма екінші анамдай болған енем қарайды. Ол кісінің тексті қасиеттері маған күш береді. Әрдайым оң бағытын сілтеп, бағдарын беруде.

–Отбасы деген шағын мемлекетте қанша бала тәрбиелеп отырыңыздар?

–Қолғанатыма айналған екі қызым бар. Кей кездері сырласып ой бөлісеміз. Қос қалыңшақтарым өмірімің мәні. «Адамның бар қызығы бала деген» емес пе, Айзерем мен Аруымның болашақтарынан көп үміт күтемін.

–Өмір үлкен толқын деп жатамыз, сол толқынды бағындыру жолында сіз не түйінді?

–Әр адам ырыздық несібесін тереді ғой, сондықтан менің түйенім тек адал еңбек. Адал еңбек бәрін жеңбек.

–Сұхбатыңызға рахмет!

PS. «Ақылды болсаң, неге бай емессің?» деген еврей ұлттының осындай тәлімді ұстанымы бар. Оған назар аударып қарасақ, адамның ақылды мен ақшасының қатар жүргені керек. Қарекет пен еңбекті тең ұстаған бүгінгі Баймұрат ауылындағы кәсіпкерлер отбасында болып, осылайша ой түйіп қайттық.

ЖАРТЫЛАЙ ДАЙЫНДАЛҒАН ӨНІМДЕРДІҢ 29 ТҮРІН АЛА АЛАСЫЗ

Елімізде соңғы жылдары кәсіпкерлікке айтарлықтай көңіл бөлінуде. Жалпы ебін таппаған кәсіптің көзін табу қиын емес. Осы орайда Қызылорда қаласында жартылай дайындалған фабрикақатардың дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан Жансия Әлсейітовамен әңгімелескен едік.

Зибаш ӘБДИЕВА

«Сәлеметсіз бе, Жансия Серікқызы әңгімеңізді кәсіпті қалай аштыңыз осыдан бастасқа?»

–Әуелгі баста өзім Қызылорда қаласындағы «Әділет» департаментінде жұмыс жасайтынмын. Бірде жолдасым Ибрагим Асхат Жорабекұлының жұмыс бабы аясында Қармақтың кеңіне қоныс аударуымыз қажет болды. Осылайша үйде отырған аналардың қатарына қосылдым. Уақыт өте Қармашы ауданынан қалаға қоныс аударғаннан кейін белгілі бір кәсіппен айналысқым келді. Өрне, бірінші жолдасымның рұқсатын ала отырып, осы кәсіпкерлік саласын бастадым. Яғни, 2019 жылдары үй жағдайында қолдың жаймасын, мантияның бес түрін, тұшпараларды түйіп сатуды жоспарладық. Табиғи таза өнімнің түрлерін әлеуметтік желіден парақша ашып, тұтынушыларымыздың назарларына өнімдерді «Good food Qyzylorda» атауымен жарнамалай бастадым.

–Сонда екі жыл үй жағдайында дайындап сауданың сөрелеріне шығардыңыз ғой?

–Иә, екі жыл уақыттан бері үй жағдайында білікті аспазышмен бірге тағамдарды әзірледік. Ол кезде шағын ғана кәсіп болатын. Содан кейін бірте-бірте үлкейтіп, цехқа айналдырдым. Осы цехті ашқанымызға біршама ғана уақыт болды. Нақтырақ айтсам 2021 жылдың сәуір айында іске қосылды.

–Бүгінгі таңда цехта жартылай фабрикақатардың өнімінің қанша түрін халыққа ұсынудасыз?

–Цехта жартылай фабрикақатардың өнімдерін жиырма тоғыз түрі шығарылады. Мантияның бес түрі, қолдың жаймасы мен қатар қолдан түйілген тұшпаралар, тегфелі т.б. өнімдер сұраныста.

–Дайын өнімдерді қай сауда орындарынан ала аламыз?

–Дайын өнімдерді қаламын 5 бөлекке сауда желілеріне өткіземіз. Оның үстіне әлеуметтік желіден парақшамыздан қарап тапсырыс беретіндер өте көп.

–Кәсіп бастаймын деген кез келген адам қаржыны аяудай қажет етеді. Сіздің кәсібіңіз қалай қаржыланды?

–Алғашқыда өз ісімді дөңгелету аясында ешқандай мемлекет тарапынан несие алған жоқпын. Менің ең бірінші демеушім ол –жолдасым. Сондықтан менде алғашқы кезеңдерде қаржы жағынан қиындықтар болған жоқ. Бұл отбасылық кәсіп. Ағымдағы жылы цехты кеңейту мақсатында «Микробизнес

Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы 2 пайыздық несиелендіру бойынша 10,0 млн. тенге қаражатқа не болдым. Бөлінген қаржыға өндіріс орнын заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтап, күнне жартылай фабрикақатардан 90-110 кг өнім өндіреміз. Мәселен, тұшпаралар дайындауға автоматтандырылған құрылғы минутына 1 кг тұшпараны дайындайды.

–Қаражатыңызға сатып алынған тұшпара құрылғысы таза табиғи қолдың қамырынан дайындала ма?

–Жоқ, бұл автоматты құрылғының қамырын бөлек дайындаймыз. Ішіне салынатын сәлеметпен бірге табиғи тағамдардан жасалған қамырды қолмен басып алады. Бірақ тез дайындалады. Ал, үй жағдайында түйілетін тағам түрінің қамыры тек табиғи. Сол себепті екеуінің бағасында айырмашылық болады.

–Сіз өзінгі жақсы бәлесіз ғой, қай тұшпараға халықтан сұраныс жоғары?

–Өрне қолдың табиғи тағамына. Себебі, ешқандай қоспасыз дайындалатын ас мәзіріне тұтынушылардың сұранысы жоғары.

–Өзіңіз айттың цехтың брендті қолдың жаймасы деп, құпиясымен бөлісе аласыз ба? Сыры неде?

–Әр адамның өзіндік асхана әлемінде құпиясы болары хақ. Сондықтан бұл менің дөңгелетіп отырған кәсібім болғандықтан құрамымен бөлісе алмаймын. Себебі, бизнес саласында бәсекелестік деген бар. Көптеген оқырмандарымыз маған жекеме хаттар келіп түседі дайындалатын тағам түрлерінің қырсырымен бөліссіз ба?– деген. Бірақ, өкінішке орай жасап отырған тіршілігіміздегі асхана құпияларымыз бөлісе алмаймын.

–Тағамдар тізіміне жаңаша бір ас мәзірін қосатын болсаңыз сонда сіз белгілі бір білікті мамандардың көмегіне жүгінесіз бе?

–Өрне, дәл солай. Өйткені кәсіптің бәсекесі дөңгелетіледі. Сондықтан да менің қасымада білікті технолог маманым бар. Кәсіп маманмен бірлесіп отырып жұмыс жасадумыз.

–Бүгінде қанша адамды жұмыспен қамтып отырсыз?

–Алғашында шағын кәсіп кезінде бір адамды ғана жұмыспен қамтағанмын. Өйткені енді дөңгеленіп келе жатқан тіршілік болғасын саудаға қарай бейімделдік. Арнайы оқу бітірген аспазыш мен бірлесіп жұмыс жасап, өзім көмекші болдым. Уақыт өте дөңгеленген жұмыстың барысында бес аспаз маманын



тұрақты жұмыспен қамтып отырған жайым бар. Ең төменгі жалақы орташа деңгейде. Бірақ, мен жұмысшыларға күнделікті еңбек ақысын төлеп отырамын.

–Кәсібіңіздің аясында жұмысшыларыңызға қандай талап қоясыз?

–Ең бірінші сапа. Осыған біз мән береміз. Сондықтан өзіміз тарапымыз жұмысшыларымызға қоятын талабымыз осы.

–Қазіргі заманда тұтынушының талабы жоғары ғой, ас мәзірін дайындауда қандай нұсқалар сіздерде қарастырылған?

–Әрбір тұтынушымыздың пікірі мен үшін маңызды. Сондықтан кейбір тапсырыс беруші үйге келіп мантияны бүріп бергенді сұрайды, ол кезде арнайы аспазыш мамандарымыз барып асырған береміз. Бұндай жағдайлар қонақ күтетін үйге жиі кездеседі.

–Тағам дайындауда сіздер міндетті түрде тартылған етті жиі пайдаланатындарыңыз

анық. Шикі тауарды қайдан аласыздар? Көбіне қай етті түрін көп қолданасыздар?

–Манты мен тұшпараға сиыр етін қолданамыз. Нарықтаға бағаға көз жүгіртсек өте қымбат емес. Оның үстіне біз базардан ет алмаймыз. Шаруақожалықтармен жасасқан келісім шарттарымыз бар. Ал егерде тауық етімен тағамдардан сұраныс болса қаламыздағы «Ажар елті» сауда орнымен келісім шартқа отырамыз. Тауар сапалы.

–Енді сіз әңгіме барысында айттып жатырсыз ғой тапсырыстың көптігі, бір күнде қанша тартылған ет тағам дайындалуға жұмсалыады?

–Қарап отырсам бір күнде тапсырыстарды орташа есеппендегенде 10 кг фаршты қолданамыз. Өйткені біздегі тағамның барлығы тартылған еттен әзірленеді.

–Естің көзін табауда үлкен ізденімпаздықты қажет етеді. Осы жартылай дайындалған

тағам тауарларының сақтау мерзімі қалай?

–Кез келген табиғи қолдың тағамдарының жарамдылық мерзімі бір ай. Өзіңіз көріп тұрғандай көз алдыңызда қаншама мұздатқыш орналастырылған. Осы мұздатқыштардың сақтау температуралары әртүрлі. Дайын тағамдар осында сақталыды.

–Ең бастысы табиғи қолдың тағамдары халыққа қолжетімде бағада ма?

–Әрине, тұшпара да манти да. Біздің парақшамыздағы мәліметті қарасаңыздар көз жеткізе аласыздар. Мысалыға 15 штук мантияның бағасы 2400 теңген.

–Әр істің өзін тән ауыртыпшылығы болатыны сөзіңіз, сіздің жолыңызда қандай кедергілер болды?

–Аллаға шүкіршілік айтамын. Айтарлықтай қиыншылық орын алған жоқ. Себебі менің басты қолдаушыларым жолдасым мен отбасым еді. Ата-енеме, жолдасымға үлкен рақметімді айтамын. Кез келген істе маған ақылшы болатын енемнің тектілігі маған өмірлік сабақ. Отбасым менің бірінші байлығым.

–Қазіргі таңда цехтің жұмыстарынан басқа да қосымша кәсіптеріңіздің көзі бар ма?

–Әйел заты болғасын шаруаға бейім болады екенін. Өзімде қарапайым отбасында дүниеге келгенмін. Сондықтан болар тіршілікке еттілік бала кезімнен бойыма қалыптасқан. Бүгінде тағам түрлерін жарнамалау мен қатар тойларға, шақырыспақтарға жала ыдыстар береміз. Оның ішінде дастарханнан бастап қазан ошақа дейін бар. Бағасы қолжетімді.

–Құпия болмаса осы цехтің жұмысын айналысты барысында қанша қаражат жұмсалды? Бұндай кәсіпті бастау үшін жобалағанда қанша қаражат кетеді?

–Кем дегенде шамамын миллионнан аса қаражат керек. Оған қоса сабырлық пен шымдамдылық қасиеттер қаражатқа серік болған жоң.

–Тұтынушылардан келетін сын пікірлері қалай қабылдайсыз?

–Аллаға шүкір тағамның сапасы аясында сындар болған емес. Бірақ, бес сауасқ бірдей емес ғой, жеке бақыма байланысты айтылады. Мән бермеуге тырысамын.

–Өміріңіз ұстанымыңыз қандай?

–Кез келген адамның құлап түрсе да қайта тұрып жүруге хақы бар!

–Оқырмандарымызға «Good food Qyzylorda» атауымен нәзіктен аталғанын түсіндіріп жібересіз?

–Ағылшын тілінен аударғанда таза табиғи тағам деген мағынаны білдіреді. Осы атауды өзін таңдадым.

–Кәсіптің ішіндегі неге дәл осы саланы таңдадыңыз?

–Өйткені әйел адам болғасын асханаға жақын болады ғой. Осы саланың тармағын бәсеке білгендіктен дөңгелету маған аса қиын болмады.

–Өзіңіз қай жердің тумасысыз?

–Мен Қызылордалықпын, бірақ әкем Шиелі ауданының тумасы. Кішкентай кезімнен бастап анамыз бізге бауырмалдық қасиеттерді дәріптегеннен болар үлкенге ізет, кішіге қамқор көрсету жолымыздан жаңылысқан еместіз. Қызылорда қаласындағы жалпыға міндетті білім ошағын тамандағаннан кейін бала арманымның жетегіне еріп ЖОО-на түсіп маман атандым. Бүгінде Аллаға шүкір бір әулеттің отын жаққан бақытты жар, алулы аманым.

–Алдағы уақыттағы жоспарларыңызбен бөліссіз?

–«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді ғой, жоспардың бәрі сызулы. Алдағы уақыттарда кәсібімізді одан әрі дамыту. Сұранысқа сәйкес кондитерлік өнім түрін шығаруды жоспарлап отырмыз. Бәрі уақыттың еншісінде.

–Сұхбатыңызға рахмет! Кәсібіңіз берекелі болсын!

PS. Бір әулеттің қазанын оттан түсірмеген Жансия өз кәсібін дөңгелетуген қатар бірнеше кәсіптің көзін тапқан. Жас аның ұршықтай піріп отырған тіршілігіне қарап ризашылығымызды білдіріп, қазақтың қызы деген ғажап атына лайық екеніне тамсана қарап қостақтық.



СҰРАНЫСҚА САЙ – „OMAR TORT“

Шиелілік Гүлзия Мұратбекқызы төрт пісіру кәсібін бастағанына екі-үш жыл болды. Жас келіншек аудан тұрғындарының тапсырысы негізінде түрлі тәттілер пісіріп, көпті қуантып жүр. Кішкентайларымен үйде отырып сүйікті ісімен айналысып отырған ерлі-зайыпты Рүстем мен Гүлзия Шиелі кентінде «OMAR TORT» атты тәттілер дайындайтын цех ашты.



Бала күнінен ас үйге жақын Гүлзия кондитер орталығын ашып, кәсіпін дамытуға белсене кірісті. «Аудан орталығынан өз қолымнан шыққан тәтті торттарды сататын дүкен ашу бұрыннан ойымда жүретін. Екі қолға бір жұмыс дегенді, жұмысыз отырмай, отбасымызбен кәсібімізді табыс көзіне айналдыруды, одан әрі кеңейтуді қолға алдым. Тұрғындардың тілегі әрі ауданда сапалы дайын тәттілерді халыққа жеткізу мақсатымыз болды, бұл ойды іске асыруға бағыт кірістік. Өрне кішкентайларымыз күтмі бар, бірақ қасымда қолдаушыларым әрі қамқоршы қос анам, сіңілілерім, жолдасымның көмегімен бұл іске кірісіп кеттік. Аудан тұрғындары алдын ала

тәжірибе алмасып отырады. Сөйтіп сұранысы арқан әрі сәнге айналған тортың «Вупи-пай», «Қызыл бархат», «Сүтті қыз», «Наполеон» «Шай жиньтықтары» «Пахлава» тағы басқа бірнеше түрін пісіруге кәсіби тұрғыда кіресің. Сондай-ақ ол шеберден басқа да дастархан сәнін келтіретін кондитерлік өнімдердің бірнеше түрін дайындауды үйренеді.

30 жастағы кәсіпкердің негізгі мамандығы – педагог. Бірақ мамандығына сәйкес жұмыс істемегендіктен кәсіптің жаңа түрін меңгеруге бағыт кіресің Гүлзия ізденуден, үйренуден жалықпайды. Ол өздігінен төрт пісіру айтарлықтай нәтиже бермейтінін түсініп, онлайн шеберлік сыныптардан өтуді, үнемі тәжірибесін толықтырып отыруды мақсат етеді. Елімізге танымал тәттілердің шеберлерін әлеуметтік желіге жүктеген шеберлік сыныптарына қатысып, төрт пісірудің қыр-сырын одан әрі жетілдіруге уақытын арнайы бөледі.

– Менің тұтынушыларым – Түркістан, Қызылорда қаласының тұрғындары, Шиелі, Жаңақорған ауданының тұрғындарынан «Омар Торт» тәттілеріне сұраныс көп. Жартылай фабрикат өнімдерімді «Қазына» супермаркетіне, тәттілерімді «Заман» мейрамханасына жіберіп отырамыз. Менің көмекшілерім Жанар, Фариза және Раушан есімді қыздар. Сұранысқа сай тапсырыстарды уақытылы орындап, тұрғындардың алғысын алғанымда төбем көкке жетеді. Адамдарға қуаныш сыйлау, ақ бағасын алу – үлкен бақыт. Алдағы уақытта мемлекет тарапынан кәсіпкерлерді қолдау бағдарламасы арқылы қайтарымыз несие алып, табысымызды арттырып, үлкен кондитер орталығын ашқым келеді. Қайтарымыз несие алып жатсақ, тәттілер

пісіретін үлкен пеш алып, тапсырысты ұлғайтқымыз келеді. Ол үшін әрине, уақыт пен көп еңбек қажет, – дейді «Омар торт» кондитер орталығының иесі Гүлзия Мұратбекқызы.

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға байланысты жұмысыз азаматтарға арналған түрлі бағдарламалар көп. Оларды кеңінен насихаттау, ауыл адамдарының кәсіп бастауға қолдау көрсетуі, білмегенін үйрету – Шиелі аудандық кәсіпкерлік және туризм бөлімі мамандарының міндеті.

– Аудан орталығынан ашылған кондитерге тұрғындардың ризашылығы зор. Тұрғындар алысқа бармай, алдын ала тапсырыс бермей-ақ дайын өнімді осы дүкеннен сатып алатын болады. Өз қаражаты есебінен, кәсіп түрін жандандырған жас кәсіпкердің қадамына сәттілік тілейміз. Жұмысыз азаматтардың кәсіпкерлікке келуіне, өз бизнесі арқылы табыс табуына мүмкіндік мол. Тек батыл қадам мен нақты шешім қажет, – дейді кәсіпкерлік бөлімінің мамандары.

Енді Қызылорда мен Шиелі аудандарының тұрғындары дәмі тіл үйретін тәтті іздесе, «OMAR TORT» кондитер орталығына баратын болады. Мұнда күн сайын дәмі тортың бірнеше түрі сапалады. Ал Гүлзияның тәттілерінен бір рет дәм татқан адам оның тұрақты тұтынушысы болатынына сенімдіміз мол. Себебі өз ісінің шебі әрбір өнімді ерекше ынтамен дайындайды.

Біз өз тарапымыздан отбасылық бизнестің иесі Рүстем пен Гүлзияға кәсіптеріне береке тілейміз.

Жаная ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ



СКАНДИНАВИЯ

ЭРБІР ЕКІНШІ РЕЙС ТОҚТАТЫЛДЫ

Скандинавия әуе компаниясының 900-ден астам ұшқышы басылықпен 8 айға созылған келіссөздер айтарлықтай нәтиже бермеген соң жұмыстарын тоқтатты.

Ереуілшілер талаптарының бірі - жалақыны 30%-ға көтеру. Швеция, Дания және Норвегияда әрбір екінші рейс тоқтатылды. Компания басылығы ереуіл «ауыр» қаржылық шығындарға әкеліп соқтырғанын, SAS акциялары 8%-ға төмендегенін мәлімдеді. Ал, Франция мен Испанияның әуежайларында ереуіл жалғасуда. Air France әуе компаниясы Руассидегі Шарль де Голль әуежайындағы ереуіл салдарынан жүгі кешіктірілген немесе жоғалған 17 000 жолаушыдан кешірім сұрады. Испанияда жолсеріктер мен easyJet және Ryanair басылары арасындағы текетпес күшейіп барады. Кәсіподақтар жазғы демалыс қарсаңында әуе компанияларына қысымды күшейтпекші.

АҚШ

КҮДІКТІ ҰСТАЛДЫ

Чикаго іргесіндегі Хайленд-парк елді мекенінде тәуелсіздік күніне орай өткен шеру кезінде оқ жаудырған адам ұсталды, деп хабарлайды ҚазАқпарат BBC-ге сілтеме жасап.

Жергілікті полицияның хабарлауынша, атысқа күдікті ретінде 22 жастағы Роберт Кримо III ұсталған. Еске салсақ, Чикаго іргесіндегі Хайленд-парк елді мекенінде тәуелсіздік күніне орай өткен шеру кезінде белгісіз біреу адамдарға оқ жаудырды. Оқиғадан 6 адам мерт болып, 20-дан астам адам түрлі дәрежеде жарақат алған. Қылмыс орнынан винтовка табылды. Соңғы уақытта АҚШ-та мұндай оқиғалар жиілеп кетті. Тек өткен айдың соңындағы демалыс күндері АҚШ-та 10 өңірде жаппай атыс болды. Одан жеті адам қаза тауып, 46 адам жарақат алды.

КАИР

ЕКІНШІ ӘЙЕЛ МЕРТ БОЛДЫ

Египеттің Хургада қаласына жақын орналасқан курортында румыниялық турист ақулаңың шабуылынан қаза тапты. Румыния сыртқы істер министрлігінің мәліметінше, 3 шілдеде туристік компания өкілі Каирдегі Румыния елшілігіне Хургада демалып жүрген әйелдің өлімі туралы хабарлаған.

«Египеттің қузырлы билігі ұсынған ақпаратқа сәйкес, тергеу Румыния азаматының ақула шабуылынан қаза тапқанын анықтады», - делінген министрлік хабарламасында. Қазір қаза тапқан туристің жеке-басы анықталып, отбасына хабар беріліп жатыр. Дәл осындай жағдай румыниялық туристің мәйіті табылғанға дейін бірнеше сағат бұрын болған еді. 68 жастағы австриялық Элизабет Сквайр ақула шабуылынан кейін көз жұмды. Екі оқиға да Сахль-Халиш бұғазында, бір-бірінен 600 метр қашықтықта болды. Куәгерлердің айтуынша, австриялық турист жағалауға жақын жерде жүзіп жүрген. Осы оқиғадан кейін Египет билігі Қызыл теңіздегі жағалау учаскесін жауып тастады. Судайы спорт түрлеріне тыйым салынды. Балық аулайтын қайықтарға да Хургада жағалауында жүзуге рұқсат етілмейді. Министрлік қаза тапқандардың отбасына көңіл айтып, қузырлы комитеттің қазіргі таңда курорт маңында ақулаңың жұру себебін тергеп жатқанын мәлім етті. Жалпы, соңғы жылдары Қызыл теңізде ақулаңың адамдарды шабуылдауы сирек болған. 2020 жылы ақула шабуылынан украиндық бала қолынан, египеттік гид аяғынан айырылған. Ал, 2018 жылы жыртықш Қызыл теңіз жағайында чех туристің мерт қылды. Осындай оқиға салдарынан 2015 жылы неміс турисі қаза тапқан болатын.

БҒЙЖН

ҚЫТАЙДА ЕҢ ЖОҒАРЫ ДЕНҒЕЙЛІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНДЫ

ҚХР-дың Су шаруашылығы министрлігі мен Метеорология басқармасы елдің оңтүстігіндегі таулы өлкеде сел жүру қаупі туындауына байланысты қызыл денгейлі төтенше жағдай жариялады.

Метеорологтердің мәліметі бойынша, 2 шілде күні 20:00-ден бастап Гуандун провинциясының батыс бөлігі мен Гуанси-Чжуан автономды өлкесінің шығысындағы кей жерлерде тауда сел жүру қаупі артады. Жергілікті билікке бақылауды күшейту және су тасқыны, сел бола калған жағдайда алдын ала хабарлауға мұқият дайын болу тапсырылды. Сондай-ақ жергілікті тұрғындарды қауіпсіз аймаққа көшіруге дайындалу ескертілді. Айта кету керек, Қытайда төтенше жағдай 4 денгей бойынша белгіленеді: көк, сары, қызыл сары және ең жоғарғы қызыл денгей.

УРАН ӨНДІРІСІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Өткен ғасырдың 40-жылдары Кеңес Одағында елдің атом саласын құру мен дамыту бағдарламасы жасалды. Соған байланысты КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті 1944 жылы Қазақстанда және одақтың басқа да аймақтарында уран кен орындарын іздеп табуға барлық геологиялық ұйымдарды жұмылдыруды Геология жөніндегі комитетке арнайы тапсырды. Одақта жатпай уран іздеу ісі осы қаулыдан бастау алады. Сөйтіп, кеңестер кезінде республикада жеткілікті дәрежеде қуатты, дамыған инфрақұрылымы және білікті мамандары бар уран саласының мықты өнеркәсібі қалыптасты. Уран өндірумен төрт комбинат шұғылданып, олардың өндірістік қуаты КСРО-дағы өнім көлемінің 30%-дан астамын өндіруге мүмкіндік беретін.

Қазақстандағы бастапқы геологиялық барлау жұмыстары 1947 жылы құрылған Волков экспедициясының енішінде. Ал еліміздегі алғашқы уран кен орны 1951 жылы ашылған Қордай кеніші. Соғыстан кейін, яғни 1947-1965 жылдар аралығында уран іздеудің белсенді әрекеттері одан әрі жалғасты. 60-жылдардың басында «Волковгеология», «Краснохолмгеология», «Степгеология», «Кольцовгеология» өндірістік-геологиялық бірлестіктері геолог-барлаушыларының күшімен Қазақстан аумағында уранның минералдық-шикізат қорын жасаудың бірінші сатысы аяқталды. Бұл өз кезегінде «Целинный» (кейінірек - «ЦХК»), «Прикаспийск» («Каскор») және «Қара-Балта» («КРК») қайта өңдеу комбинаттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

1960 жылдардың екінші жартысында жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен инфильтрациялық қабаты кен орындарындағы нашар рудалардан уран өндіру мүмкіндігі АҚШ-та дәлелденді. Бұл Қазақстанның шикізат базасындағы жағдайды түбегейлі өзгертіп жіберді. 70-жылдардың соңына таман Ынғай, Мыңқұдық, Мойынқұм, Қанжыған, Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын сияқты тағы басқа бірегей кен орындары табылды.

1980-1982 жылдары Қазақстанда уран өнімдерін шығару ең жоғары деңгейге жетті. Дерлік 30 кен орында уран өндірілді. Атом өнеркәсібі кәсіпорындарында еңбек ететін жұмысшы-қызметкерлер саны 70 мыңнан асып жығылды. 1953-1999 жылдар аралығында республика аумағында уран өндіру көлемі 225 млн. фунт 11308 жетті. 90-жылдардың басында өндірістің көлімді әдіс-тәсілдері кен қолданылып, ол жашы өнімнің 70%-ын құрады. Алайда жоғарыдан басшылаптын экономикадан тыс қатынастарға ауысу бірыңғай жерасты шаймалау технологиясының қажеттігін көрсетті.

Алғаш рет уранға деген мемлекеттік тапсырыстың төмендеуі 1983 жылы тіркелді. Өндіріс 25-30%-ға құлдырап, одан кейінгі жылдарда да сол деңгейде қалып қойды. 80-жылдардың ортасына таман басталған қарусыздану саясаты салдарынан және атышулы Чернобыль оқиғасынан кейін атом энергетикасын дамыту бағдарламасы кейінге ысырылды да, «Целинный» мен «Прикаспийск» өндірістік кеніштерінде және қайта өңдеуші комбинаттарда уран өндіру көлемі одан әрі қосқартыла берді. Шахталық және қарьерлік өндірудің тиімсіздігінен және әлемдік рыноктағы бағаның төмендеуінен Қазақстанда 6 кен басқармасы жабылып, 2 басқармада өнім өндіру мүлде тоқтатылды.

Республикамыз жерасты шаймалау әдісімен алынатын бай уран қорына ие. МАГАТЭ-нің соңғы Қызыл Кітабына сәйкес, барланған және алдын ала бағаланған 433,940 МТ U (1,1 млрд. фунт U308) Қазақстан уранның қоры ең аз шығын талап ететін 1-санатқа жатқызылған және ол осы шығындар классификациясындағы әлемдік уран қорының 35%-ын құрайды. Бұл ресурстардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстандағы Шу-Сарысу және Сырдария бассейнінде шоғырланған.

2020 жылы Қазақстан 19,8 мың тонна уран өндірген. Уран өндірісі бойынша 2021 жылғы деректерге көз жүгіртсек, Австралия екінші орынға шыққан, бұл елде 6,2 мың тонна уран өндірілген. Үшінші орында – Намибия (5,41 мың тонна), төртінші орында Канада (3,88 мың тонна) тұр. Өзбекстан бесінші орын алды (3,5 мың тонна). WNA мәліметі бойынша, 2012 жылдан бері Қазақстанның уран өндірісі 21 мың тоннаға артып, 2016 жылы 24,6 мың тоннаға жеткен. WNA мәліметінше, 2019 жылы әлемде өндірілген уранның 85 пайызы 10 ірі компанияға тиесілі, олардың арасында «Казатомпром» да бар.

Қазақстанның уран қоры - 907 мың тонна (әлемдегі қордың 15 пайызы). Шикізат негізінен Қытайға, Ресей мен Канадаға экспортталады. 2020 жылы әлем нарығында уранға сұраныс коронавирус пандемиясына байланысты төмендеген.

Еркебұлан ЖАРАСОВ,
Тау-кен өнеркәсібін және атом энергиясын пайдалану объектілерін мемлекеттік қадағалау бөлімі маманы

СЫРДАРΙΑ АУДАНЫ

Кәсіпкер құқығын қорғау – басты назарда

Кәсіпкерлік субъектілері елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге елеулі үлес қосып келеді. Сол себепті де кәсіпкерлерді қорғау басты бағыттардың бірі болып табылады.

Үстіміздегі жылдың 23 маусымында аудандық ішкі саясат бөлімінің мәжіліс залында аудан

кәсіпкерлерінің құқығын қорғау мәселесі бойынша дөңгелек үстел болып өтті. Жыныға облыс прокурорының орынбасары Катаев Дамир Меделбайұлы, облыстық прокуратураның басқарма бастығының орынбасары Жақсылықов Руслан Әділбекұлы, Сырдария ауданының прокуроры Кемалов Аскар Жамәтұлы, аудан әкімінің орынбасары Нұртаев Талғат Мейрамханұлы, аудандық кірістер басқармасының бастышы Жүсіпов Ашраф Шағдатұлы, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бастышы Қарсақбаев Нұрлан Әнуарбекұлы, аудандық кәсіпкерлік

палатасының директоры Әдікерев Ерлан Арыстанғалиұлы және аудан кәсіпкерлері қатысты.

Кездесу барысында аудан кәсіпкерлерінің көкейінде жүрген мәселелер талқыланды. Оның ішінде кәсіпкерлердің салынған сауда үйлерін, ғимараттарын заңдастыру, дүкендерге газ кіргізу жұмыстарының төлемдерінің жоғары болуы, несиелендіруге байланысты жинақталатын құжаттар тізімінің электронды форматқа өткізу және де тағы да басқа мәселелер айтылды. Кәсіпкерлерге көтерілген мәселелер бойынша толыққанды жауаптары берілді.

КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІНІҢ 15,7 ПАЙЫЗЫ ЖАСТАРДЫҢ ҮЛЕСІНДЕ

Қазалы ауданында жас кәсіпкерлердің бизнес форумы өтті. Форумның негізгі мақсаты – кәсіпкерлікті дамыту бойынша жастарымызға бағыт-бағдар беру, олардың кәсіпкерлікке деген ынтасын арттыру болып табылады.

Қазалы қаласындағы Жастар үйінде ұйымдастырылған форумға «GOSAUDA» халықаралық интернет-дүкенінің Ақтөбе облысы бойынша өңірлік жетекшілері Қуаныш Сұлтанов және Жанібек Жексенбаев, аудандық мәслихат хатшысы Бақытжан Жарылқап, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Талайлы Бөрікүлақов, аудандық мәслихат депутаты, аймақтық «Тұран Қазалы» газетінің бас редакторы Газиз Әліші, аудандық «Қазалы» газетінің бас редакторы Есет Табынбаев және жас кәсіпкерлер көптеп қатысты.

Ауқымды шараны алғы сөз сөйлеп ашқан аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалыда тіркелген 5292 кәсіпкерлік субъектілерінің ішіндегі 15,7 пайызы жастардың үлесінде екенін атап өтті.

«Алдыңғы жылмен салыстырғанда жас кәсіпкерлер қатары 11,7 пайызға артқан. Бұл бізді қуантады. Бірақ, облыстағы кәсіпкерлікті дамыған аудан үшін бұл бізге азық етеді. Сондықтан Мемлекет бастышы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа кезеңге – жаңа реформалармен жетуге айқындап берген жаңа бағыттарға біз бірігіп, барлық қиындықтарымызды еңсеріп, көздеген мақсатымызға қол жеткізугіміз қажет», – деді Мұхтар Әуесұлы.

Жас кәсіпкерлер форумына арнайы шақырылған «GOSAUDA» халықаралық интернет-дүкенінің Ақтөбе облысы бойынша өңірлік жетекшісі Қуаныш Сұлтанов өзінің бастамаларымен таныстырып, интернет-дүкенінің тиімді тұстарын айтып берді.

Мұнан соң кезек ұсыныс-пікірлерге беріліп, жас кәсіпкерлердің сұрақтарына халықаралық интернет-дүкенінің Ақтөбе облысы бойынша өңірлік жетекшісі Қуаныш Арыстанбекұлы жауап берді. Форум барысында жеке кәсіпкер, «Рауан» инклюзивті балабақшасының меңгерушісі Қуанышгүл Дәулетиярқызы, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Талайлы Бөрікүлақов сөз сөйлеп, өз пікірлерін жеткізді.

Сондай-ақ, өз кәсіпкерін дөңгелегітіп отырған бірқатар жас кәсіпкерлер аудан әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Әлемдік экономикалық дамуда шағын және орта бизнестің үлесі мол. Сондықтан да ірілеріуге бағыт ұстаған елдер кәсіпкерлікті мейлінше дамытуға тырысады. Мұны шағын және орта бизнес нысандарының саны артып, экономикалық әлеуетіміздің жыл өткен сайын нығайып келе жатқаны да дәлелдейді. Бұл бағытта жастарға мол сенім арғылатыны да жасырын емес. Алғыр ойлы, істің тегінің білетін жастар елдің ертеңі екені сөзсіз. Өрне, бұл бағытта олардың өзара тәжірибе алмасып, ортақ ойласуының да маңызы зор. Осы тұрғыдан келгенде Қазалы қаласында өткен жас кәсіпкерлердің бизнес форумы нәтижелі болды.

«Ел тілегі» ақпарат

«Қармақшы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бастышының 2022 жылғы III-тоқсандағы жеке және заңды тұлғаларды өтініштермен қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шериязов Берік Бектайұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның, бейсенбі күні сағат 16.00-18.00	Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44	2-11-36
«Қармақшы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 2-11-36					



(04.07-10.07.2022)

Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)



Дүйсенбіден бейсенбіге дейін өз бастамаңызбен жаңа ештеңе бастамай, ұжымдық жұмыстармен айналысуыңыз, командала жұмыс істеуіңіз керек.

Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)



Жұмыс соншалықты көп болады. Барлығына төтеп бере аласыз. Денсаулығыңызға зиян келетіндей жағдай болмайды.

Егіздер (21 мамыр-21 маусым)



Бір аптаны «аз сөз – көп әрекет» ұранымен өткізіңіз. Алғашқы екі күнде ауызды жабу, өсек айтпау және ешбір жағдайда басқа адамдардың құпиясын жарияламау өте маңызды.

Шаия (22 маусым-22 шілде)



Егер біреудің пікірі сіздікінен өзгеше болса, бұл оның дұрыс емес екенін білдірмейді. Басқаны тыңдай біліңіз.

Арыстан (23 шілде-22 тамыз)



Дүйсенбіден сәрсенбіге дейін өзіңізді көрсететін уақыт. Бейсенбі және жұма нақты шешімге келіп, мансап жолыңыз ашылады.

Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)



Аптаның басынан бейсенбіні қоса алғанда, Бикештерге белсенділік, көп қарым-қатынас және еңбеккерлік уақыты болады.

Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)



Дүйсенбіден бейсенбіге дейін Таразыға барлығын бірден жасау үшін көп жұмыс істеуге тура келеді.

Сарышаян (23 қазан-21 қараша)



Бұл апта үй шаруасына көңіл бөліңіз. Бұрын сізді қатты толғандыратын нәрселер болса, соны жүзеге асыратын уақыт келді.

Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)



Апта сәтті басталады. Әрбір істің қайыры болады деген емес пе?! Орындалмай қалған істің шынымен қайыры болғанына көз жеткізетін боласыз.

Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)



Аз сөйлеп, көп тыңдаңыз. Өз жоспарларыңыз бен ойларыңыз туралы басқаларға айтпаңыз.

Суқұйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)



Апта өте жылдам басталады. Түрлі келісім шарттар жасасу, ырым-шындық жағдайлар орын алады.

Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)



Балық білегісіндегілер селсоқ жүреді. Апта жай ғана күндер секілді өте береді.

Отбасылық бизнестің отаны саналатын АҚШ-тан қазір Шығыс Азияның бірқатар елдері озып кетті. Жұмыссыздықты жоюдың ықпалды шарасы отбасылық бизнестің артықшылығы өзгеше қол жаймай, әр адам өзіне-өзі, отбасына жұмыс орнын ашып алады.



Ал біздің елімізде оған қолайлы жағдай ғана емес, мемлекет тарапынан қолдау да көрсетіледі. Президентіміздің шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жариялауының өзі елде кәсіпкерлікке кедергі келтірмеудің, кең өріс берудің шаралары.

Жақында ғана кәсіп бастаған Руслан есімді азаматтың осы кәсіпті бастағанына жақында ғана. Аудандағы 30 шақты дүкенге нан тасымалдап жеткізіп беретін наубайхана жұмысы сіз ойлағандай оңай емес.

Бөлше нан шығарамыз. Сұраныстың нақты мөлшерін білу үшін алдын ала телефонмен өтініштер жинаймыз. Сол бойынша нан шығарып, өз көлігімізбен тұтынушыларға жеткізіп береміз.

Жақында әлеуметтік ұн алу үшін әкімдікпен келісім шарт жасастық,- дейді наубайхана иесі Руслан мырза. Көбіміз күнделікті сатып алған нанды қайда, қалай дайындайтынын көргіміз, білгіміз келіп, қызығушылық танытамыз.

Қарап отырсақ, базар мен дүкен сөрелерінде ұнның түрлері көп-ақ. Тіпті сорттар арасында таңдау жасау қиынға соғады. Жасыратын несі бар, көбіміз жоғары сортты ұннан піскен нанның сапасы жақсы болады деп ойлаймыз.

Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Студенттер мемлекет есебінен сақтандырылған және МӘМС жүйесінде медициналық көмек ала алады



Жоғары және орта арнаулы оқу орындарына құжаттар қабылдау басталды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалына мемлекет МӘМС жарналарының төлейтін жеңілдікті санаттардың бірінің өкілдері ретінде студенттер үшін сақтандырылған мәртебесін алу мәселелерімен жиі жүгінеді.

Жеңілдік бойынша сақтандыру кімге беріледі?

МӘМС туралы заңға сәйкес (26-баптың 1-тармағының 13-тармақшасы), жасына қарамастан, күндізгі оқу нысаны бойынша оқитындардың барлығы (мейлі ол 18 жасқа толған мектеп оқушылары болсын, колледж, ЖОО немесе басқа да оқу орындарының студенттері болсын) азаматтардың жеңілдікті санатына кіреді, олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді.

Студенттер мемлекет есебінен сақтандырылған болып табылады және МӘМС пакетінде көрсетілетін медициналық қызметтерге қол жеткізе алады.

Қазақстанда оқитын студенттер үшін сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі

Сақтандырылғандар мәртебесі Қазақстан аумағында оқитын азаматтарға жеңілдік ретінде беріледі және олардың деректері оқу орнының ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Ол, өз кезегінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы Ұлттық білім беру деректер базасымен (ҰБДК) біріктіріледі.

Егер отандық ЖОО студенті сақтандырылмаған болса не істеу керек?

Мәртебе ҰБДК-да студент туралы тиісті ақпараттың болуына байланысты берілетіндіктен, сіз өзіңіздің оқу орныңыздағы жауапты қызметкерге хабарласып, ақпараттық жүйеде деректерді тексеруді сұрауыңыз қажет.

Кері байланыс

Өкінішке орай, күндізгі нысанда оқитын студенттердің барлығы МӘМС туралы заң бойынша өздерінің жеңілдік берілгендер санатында екендігін және МӘМС-ке жарналар мен аударымдарды төлеулері қажет еместігін біле бермейді.

Оқу орындарына арналған жадынама:

- Оқу орнының ақпараттық жүйесіне білім алушылар туралы мәліметтерді (оның ішінде оқу жылы ішінде келгендер бойынша) уақтылы және дұрыс енгізу қажет, өйткені студенттерге ҰБДК-да біріктірілген деректердің болуы арқылы жеңілдік мәртебесі беріледі.
- Егер бір жылдың ішінде білім алушы оқудан шығарылса немесе басқа оқу орнына ауыстырылса, онда ол туралы мәліметтерді өзінің оқу орнының ақпараттық жүйесінен алып тастау қажет.
- Егер оқу орнының ақпараттық жүйесінде оқуды бұрын аяқтаған білім алушылар туралы деректер болса, оларды аталған жүйеден шығару қажет, өйткені бұл адамдар жұмысқа орналасу кезінде МӘМС жарналарын төлей алмайды.
- Есіңізде болсын: Білім алушылардың МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу мүмкіндігі

ақпараттық жүйеде олар туралы мәліметтердің дұрыс және уақтылы толығына байланысты болады.

Шетелде оқитын қазақстандықтар үшін сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі:

Шетелдік оқу орындарында оқитын қазақстандық күндізгі оқу нысанының студенттері МӘМС жүйесінде сақтандырылған тұлғалардың автоматты түрде жеңілдік мәртебесін ала алмайды. Ол үшін олар жүйеге өздігінен тіркелуі керек.

Ол үшін электрондық үкімет порталындағы egov.kz сервисін пайдалану қажет:

1. Іздене жолына келесіні енгізу: «Шетелде оқитын студенттерді тіркеу».
2. Ашылған терезедегі өтінішті толтыру және оқуды растайтын құжаттарды қоса беру қажет.
3. Өтінішке ЭЦҚ көмегімен қол қою.
4. Көптеген жағдайларда сақтандырудың жеңілдікті мәртебесі жолдарды дұрыс толтырған жағдайда 10 жұмыс күні ішінде беріледі.
5. Егер сақтандырудың жеңілдікті мәртебесін беру көрсетілген мерзім ішінде орындалмаса, онда ҚР Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық департаментіне жүгіну қажет. Әр семестр аяқталғаннан кейін сақтандыру мәртебесін тексеру және оқудың өзектілігін растау қажет екенін есте ұстаған жөн, өйткені дерекқордағы мәліметтер өзгеруі мүмкін.

Айгүл АХАНОВА, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы

Конго-қырым геморрагиялық қызбасы

Қоқтем-жаз айлары конго-қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиологиялық кезеңіне келеді. Кенелердің жаппай табиғатқа шығу уақыты қыс айларының жылы болуына байланысты наурыз айынан басталады.

Бұл ауру Орта Азия халықтарында ертеден-ақ белгілі болған. Оған әр халық өзінше ат қойып, атап келген. Мысалы, өзбектер «Қара-халак» (Қара өлім), тәжіктер «Хуны-муны» (Мұрыннан қан кету) десе, қазақтар «ҚОҚАЛА» деп атаған.

Сондықтан да табиғатта, таза ауада тынығушыларға, саяжайда жұмыс жасаушыларға, малды күтіп, баптаушыларға, жеміс-жидек терушілерге кенелерден абай болуын ескертеміз.

Дененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Кененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклеш-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса абайлап алған жөн.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор Егиншибаева Анар Жақысбекқызы
Ақылдастар алқасы: Әбілбай Садықбаев Данияр Сұлтанбеков Рысбай Кәрімов

Бас редактор Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ
Бас редактордың орынбасары Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы Зибаш ӘЛИ 8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.
Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон: 8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А үйі
Телефон: 40-06-68,
Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді
Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты. Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді
Тарапымыз 6000 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №1104
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/